

## Туризм мектебі

Университетте білім беру бағдарламаларын өзектендірудің пәрменді тәсілдерінің бірі жұмыс берушілермен сауалнама жүргізумен және еңбек нарығын талдаумен қатар, білім алушылармен ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу болып табылады. 2025 жылдың 21-25 қаңтар аралығында Туризм мектебінің «6B11102 – Халықаралық және ішкі туризм» (білім беру бағдарламасының координаторы Абдибаева К.Д.), «6B11111 – Tourism Guide Service» (оқытушы Э.А. Нарбаева), «6B11108 – Ұйымдастырылған туризмді басқару және экскурсиялық-анимациялық қызмет» (оқытушы Курманалиева Т.А.), 6B11103 – Экскурсиялық қызметтер мен жеке турларды ұйымдастыру» (білім беру бағдарламасының координаторы Жолманова Н.Ж.), «6B11105 – Туристік дестинациялар менеджменті» (білім беру бағдарламасының координаторы Аманғазыева А.А.), «6B011106 – Спорттық туризм» (білім беру бағдарламасының координаторы Алимбеков Д.А.) ББ білім алушылары арасында «Білім алушылардың білім беру бағдарламасының сапасына қанағаттануы» сауалнамасын жүргізді. Сауалнама 14 сұрақ пен 1 тармақты қамтыды, ол ББ және жалпы оқу процесін жақсарту бойынша пікірлер мен ұсыныстарды енгізумен байланысты болды. Сауалнамаға: «6B11102 – Халықаралық және ішкі туризм» білім беру бағдарласында 1-4 курста оқитын 918 білім алушыдан – 726 ( 79 %) білім алушы , «6B11111 – Tourism Guide Service» ББ-нан 19 білім алушыдан - 17 (89,5%); «6B11108 – Ұйымдастырылған туризмді басқару және экскурсиялық-анимациялық қызмет» 44 білім алушыдан - 39 (88,6%); «6B011106 – Спорттық туризм» 141 білім алушыдан - 84 (71%); 6B11103 – Экскурсиялық қызметтер мен жеке турларды ұйымдастыру» 77 білім алушыдан 62 (84%); «6B11105 – Туристік дестинациялар менеджменті» 170 білім алушыдан 107(62,94%) қатысты. Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың қанағаттану деңгейі келесідей:

Кесте 1 – ББ білім алушылардың қанағаттануы

| ББ атауы  | Білім алушылар саны | Респонденттер саны | Қанағаттану % |
|---|---------------------|--------------------|---------------|
| «6B11102 – Халықаралық және ішкі туризм»  | 918                 | 726                | 97,8          |
| «6B11111–Tourism Guide Service»   | 19                  | 17                 | 97,1          |
| «6B11108 – Ұйымдастырылған туризмді басқару және экскурсиялық-анимациялық қызмет» | 44                  | 39                 | 89,7          |
| «6B11103 – Экскурсиялық қызметтер мен жеке турларды ұйымдастыру»                  | 77                  | 62                 | 95            |
| «6B011106 – Спорттық туризм»  | 141                 | 100                | 97,02         |
| «6B11105 – Туристік дестинациялар менеджменті                                     | 170                 | 107                | 97,4          |

Жоғарыда келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай, сауалнамаға білім алушылардың 80%-ы қатысып, ББ білім алушылардың қанағаттану деңгейі – 95,67% құрады.

### **Қонақжайлылық мектебі**

2025 жылғы 31 қаңтар мен 2 ақпан аралығында Қонақжайлылық мектебі «Білім алушылардың білім беру бағдарламасының сапасына қанағаттануы» сауалнамасын өткізді. Сауалнама 14 сұрақ пен 1 тармақты қамтыды, ол ББ және жалпы оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстарды енгізумен байланысты болды. Сауалнамаға «6В11109 – Ивент менеджмент» ББ бойынша 33 білім алушы (97,05%), «6В11101 – Туризм және қонақжайлылық индустриясын ұйымдастыру» ББ бойынша 80 білім алушы (95,24%), «6В11104 – Қонақ үй және мейрамхана бизнесі» ББ бойынша 98 білім алушы (89,09%) қатысты. ББ бойынша білім алушылардың қанағаттану деңгейі келесідей:

Кесте 2 – ББ білім алушылардың қанағаттануы

| <b>ББ атауы</b>  | <b>Білім алушылар саны</b> | <b>Респонденттер саны</b> | <b>Қанағаттану %</b> |
|--|----------------------------|---------------------------|----------------------|
| «6В11109 – Ивент менеджмент»                                   | 34                         | 33                        | 83,3%                |
| «6В11101 – Туризм және қонақжайлылық индустриясын ұйымдастыру» | 84                         | 80                        | 95,24%               |
| «6В11104 – Қонақ үй және мейрамхана бизнесі»                   | 110                        | 98                        | 89,09%               |

Сауалнама нәтижелері білім беру бағдарламасын оң қабылдауды көрсетеді, білім алушылардың көпшілігі оны беделді және қызықты деп санайды.

### **Дене шынықтыру және спорт мектебі**

Білім алушылардың ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында 2025 жылдың 30-31 қаңтар аралығында Дене шынықтыру және спорт мектебі «Білім алушылардың білім беру бағдарламасының сапасына қанағаттануы» сауалнамасын өткізді. Сауалнама 14 сұрақ пен 1 тармақты қамтыды, ол ББ және жалпы оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстарды енгізумен байланысты болды. Сауалнамаға «6В11107 – Спорттық-сауықтыру фитнесі» ББ бойынша 275 білім алушы (58%), қатысты. ББ бойынша білім алушылардың қанағаттану деңгейі келесідей:

Кесте 3 – ББ білім алушылардың қанағаттануы

| <b>ББ атауы</b>                      | <b>Білім алушылар саны</b> | <b>Респонденттер саны</b> | <b>Қанағаттану %</b> |
|--------------------------------------|----------------------------|---------------------------|----------------------|
| «6В11107-Спорттық-сауықтыру фитнесі» | 477                        | 275                       | 96%                  |

Сауалнамаға білім алушылардың 58%-ы қатысып, ББ білім алушылардың қанағаттану деңгейі – 96% құрады.